# Тауарлы-материалдық қорлар есебі

Шұғай Айгерім

*Тауар қорлары* – бұл соңғы тұтынушыға сатылған кезге дейінгі нарықтағы қоғамдық өнімнің бөлігі.






Тауарлы-материалдық қорлар

# *Тауарлы-материалдық қорлардың жіктелуі*



# *Материалдық қорлар бухгалтерлік есепте мына әдістер негізінде бағаланады:*

*Қорларды соңғы сатып алу бағалары бойынша бағалау әдісі - ЛИФО*

*Қорларды бастпқы сатып алу бағалары бойынша бағалау әдісі - ФИФО*

Орташа өзіндік құнын есептеу әдісі

Арнайы сәйкестендірілген есептеу әдісі

***ФИФО әдісі*** – бос ақыларды алғашқы сатып алу бағасы бойынша бағалау әдісі. Бірінші кезекте сатып алынған құндылықтардың нақты өзіндік құны жұмсалған материалдарға жатқызылады деп есептеледі, яғни бірінші келген – бірінші кетеді.

***ЛИФО әдісі*** - қорларды соңғы сатып алынғандардың бағасы бойынша бағалау әдісі.Соңғы алынған қорлардың өзіндік құны бірінші кезекте жұмсалғандардың құнын анықтау үшін колданылады, ол ай соңындағы қорлардың өзіндік құны бірінші сатып алынған қорлардың өзіндік құны бірінші сатып алынған қорлардың өзіндік құнымен есептеледі деген тұжырымға негізделген әдіс.

***Арнайы сәйкестендірілген есептеу әдісі*** әдетте бірімен бірін алмастыруға болмайтын немесе кәсіпорында ерекше тәртіппен пайдаланылатын (асыл металдардың, асыл тастардың т.б.) нақтылы бір материалдық қорлардың бағасын есептеуге арналған. Бұл әдіс жұмсалынған материалдар мен істелген жұмыстардың нақты өзіндік құнын есептеп шығаруды көздейді. Сондай-ақ бұл есетпеу әдісі сатылып алынғанына немесе кәсіпорынның өзінде өндірілгеніне қарамастан арнаулы жоспарлауға арналған материалдардың өзіндік құнын есептеуге арналған.

***Орташа өзіндік құнын есептеу әдісі*** бойынша кәсіпорынға кіріске алынған әрбір материалдық қорлардың бағасы оның кіріске алынғандағы шоты бойынша бағасын анықтау мүмкін болмаған жағдайда жүргізіледі. Материалдық қорлар түрінің орташа өзіндік құны ұйымдағы материалдардың есепті айдың басындағы қалған қалдығының құнымен ай бойы кіріске алынған материалдар құнының жиынығын материалдардың ай басындағы сандарының қалдығымен ай бойы кіріске алынған тиісті материалдарының сандарының қосындысына бөлу арқылы анықталады.

| | Саны (дана) | Бағасы (теңге) | Сомасы (теңге) |
|---|---|---|---|
| А) Қаңтар айының бірінші жұлдызына кәсіпорынның қоймасындағы материалдардың қалдығы | 50 | 100 | 5000 |
| Қаңтар айында кіріске алынған материалдық қорлар | | | |
| 1-Топтамада<br>2-Топтамада<br>3-Топтамада<br>4-Топтамада<br>5-Топтамада | 100<br>80<br>90<br>100<br>70 | 110<br>120<br>130<br>140<br>150 | 11000<br>9600<br>11700<br>14000<br>10500 |
| Кіріске алынған материалдық қорлардың жиынтығы | | | |
| | 440 | --- | 56800 |
| Бастапқы қалдықпен қоса есептегендегі қалдығы | | | |
| | 490 | --- | 61800 |
| Ай бойы материалдық қорлардың шығыс етілгені | | | |
| ФИФО әдісімен бағалағанда | 250 | | 28200 |
| ЛИФО әдісімен бағалағанда | 250 | | 34900 |
| Ай соңындағы материалдық қорлардың қалдығы | | | |
| ФИФО әдісімен бағалағанда | 240 | | 33600 |
| ЛИФО әдісімен бағалағанда | 240 | | 26900 |